

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

кездеседі. Қос мақсатты сөйлеу мақсатты сөйлеу актілері де бар. Кейіпкерлердің осы диалогтық тұтастығындағы жауап репликаларынан біз олардың ашу-ызасын, бір-бірлерін кінәлауды, жазғыру, бұйыру, кекесінді де байқаймыз.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан дискурсты адамдар арасындағы ауызша тілдік қатынас деп қарастырғанды жөн көрдік. Бұл жайлы Ф.Ш. Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» атты еңбегінде: «Тілдік қатынас – ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық тұлғалардың семантикалық бірлігі мен байланысу заңдылықтары арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қаматамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік процесс», - деген нақты қорытынды пікірін тілге тиек ете аламыз [4,55]. Расында да, біз берген мысалдардан тілдік қатынасқа түсуші тек қана адамдар және де олардың белгілі бір тілдік тұлғалар арқылы қатынасқа түсуіне әлеуметтік жағдайлар ғана себепші бола алатындығын тағы көрдік.

Түйіндей келгенде, қазіргі қазақ тіл білімінің жетекші бағыттарының бірі – дискурсты талдау. Ол логика, психология, философия, әдебиеттану, әлеуметтану сияқты шектес салалармен тығыз байланыста. Дискурс ұғымына адамдардың ментальды ойлау дүниесімен байланысты әлеуметтік- психологиялық сипаттағы категория ретінде түсінік беру дискурс теориясының тілдің антропоцентристік парадигмасымен жақын екендігін көрсетеді, себебі дискурс – сөйлеуші субъектінің мақсаттық коммуникативтік әрекеті, тек дискурсивті әрекет үстінде пайда болатын дүниені көруі және тануы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.
- 2 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. 1994, - 405 б.
- 3 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том – Алматы. 1993, - 496 б.
- 4 Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005,- 147б.

### **ТУЫСТАС ТІЛДЕРГЕ ОРТАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОР ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ**

**Амандықов Олжас Мейрамұлы**

[olz hik-1994@mail.ru](mailto:olz hik-1994@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті «6М020500» - Филология: қазақ тілі» мамандығының  
магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Мамаева

Түркі тектес халықтар арасында ортақ терминкор жасау мәселесін өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары көтеріп кеткен болатын.

Тарихқа үңілсек, 1924 жылдың 12-17 маусымында Орынборда қазақ- қырғыз ғылым-білім қызметкерлерінің тұңғыш съезінде терминологияны дамыту мәселелері сөз болғанын білеміз. Бұл басқосуға Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы бастаған Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысқан болатын. Съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» тақырыбында баяндама жасап, соның негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілген. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі бойынша «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздері (терминдер) басқа түрік халықтарынан ізделсін, басқа түрік тілінде пән сөздері жалпы түрік сөздері болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» делінген қаулы қабылданған еді. Кейіннен мәселенің мәніне терең үңілген Алаш зиялылары 1926 жылғы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында I түркологтер съезін өткізіп, оған көптеген түркітілдес

елдің ғалымдары қатысты. Сол басқосуда терминология мәселесі жөнінде Қазақстан тарапынан Ахмет Байтұрсынұлы негізгі баяндама жасаған болатын. Онда ғалым туыстас түркі тілдері арасында сөз алмасудың маңыздылығын екі түрлі дәлелмен негіздейді. «Біріншіден, туыстас тілдер сөздерінің көпшілігі формасы ортақ болмағанымен, түбірі ортақ. Сол себепті туыстығы жоқ тілдердің сөздеріндей емес, оларды түсіну де жеңіл, құлаққа да тосын естілмейді, айтуға да соншалықты жат болмайды. Екіншіден, түркі халықтары үнемі өзара қатынаста болған және қазір де сол қатынас сақталып отыр, сол себептен де ортақ түбірі болмаса да, бір тілдің сөздерінің көпшілігі өзге тіл өкілдеріне таныс болуы мүмкін», – дейді сол тұста қазақ терминологиясының негізін салушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы. Мінеки, XX ғасырда көтерілген осынау бастама ХХІ ғасырда да өз өзектілігін еш жойған емес. Керісінше, ақпараттық ғасырда туыс түркілердің бірлігі жаңа атау-терімді қолданысқа енгізуге ерекше ықпал ететіндігі ақиқат [1, 48].

Өкінішке орай, терминолог ғалымның өте орынды айтылған бұл пікірі Кеңес дәуірінде ескерусіз қалды. Терминологияны қалыптастырудың А.Байтұрсынұлы ұсынған бұл принципі кейінгі жасалған принциптер қатарынан алынып тасталды. Соның салдарынан түркі тілдес туысқан халықтардың өзара термин алмасу процесіне үлкен нұқсан келді. Туыстас тілдер арасындағы табиғи байланысқа жасанды тосқауыл қойылды.

Кешегі Кеңес Одағы тұсында орыс тілінің үстемдігін орнату мақсатымен одақтас республикалардың ұлттық ғылыми-техникалық терминологиясын қалыптастыруда орыс тілі үлгі ретінде ұсынылды. Осы елдің тіл саясатына 12 сәйкес Кеңестік ғалымдар да терминологияны халықаралықтандыру бағытында көп еңбек етті. Соның нәтижесінде бірқатар ұлт тілдерінің терминологиялық қорының басым бөлігін орыс тілі арқылы енген кірме терминдер құрайтын болды. Қазақ тілі де сондай тілдердің алдыңғы қатарынан орын алды. Терминдерді орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдау заңдастырылғандықтан, туыстас түркі халықтары арасында термин алмасу жүзеге асырылмады [2].

Мәселен, профессор Шерубай Құрманбайұлы өзінің «Туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор қажет» деген мақаласында мынадай ой айтады: «Ортақ терминдер қорын құру бағытында кезінде Кеңес Одағында көп жұмыс жүргізілді. Ондағы мақсат КСРО кеңістігінде ғылым тілі ретінде орыс тілінің ықпалын жүргізу болды. Одақтың орталығы Мәскеу арқылы жүргізілген жоспарлы жұмыс нәтижесіз қалмады. Орыс тілінің терминологиясына тән мыңдаған терминдерді тілімізге еш өзгеріссіз қабылдадық, өз тіліміздің термин жасау мүмкіндігін дамытудың орнына, оған шек қойдық. XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін ұлт тілінде сәтті жасалған көптеген терминдерімізді қолданыстан шеттетіп, олардың орнын кірме терминдермен толтырдық. Тілімізге қабылданған сол терминдердің белгілі бір бөлігін туыстас түркі халықтарының тілдерінен қабылдағанда, олар өз сөзіміздей айтуға жеңіл, мағынасы түсінікті болғандықтан тез сіңісіп, терминологиямызға ұлттық сипат беріп тұрар еді [3, 30].

Түркі халықтары терминологияны қалыптастыру тәжірибелерін бөлісіп, өзара термин алмасу процесін дұрыс жолға қою мүмкіндігіне ие болып отырған қазіргі кезеңнің өзінде бұл жұмыста жанданғандық байқалмайды. Кеңестік кезеңде әбден қалыптасып қалған термин алмасудағы біржақтылық дәстүрге айналып, сол кезеңнің саясатына сәйкес жасалған терминологияны қалыптастыру принциптері әлі де басшылыққа алынып келеді. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі кезеңде қазақ және түркі тілдеріне бір-бірінен алмасқан ұшақ, егемен сияқты бірен-саран сөздер болмаса, көршілес туысқан халықтар тілдері арасында өзара сөз, термин алмасу қарқыны арта қойған жоқ. Ал туыстық тұрғыдан бір-бірінен алшақ жатқан славян, роман-герман, үнді-еуропа тілдерінен еніп жатқан терминдер легі толастар емес. Бұл мәселенің кейбір объективтік себептерінің де бар екендігіне қарамастан көршілес түркі халықтары арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың әлсіз екендігін айтпасақ болмайды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуде аймақтық геосаяси жағдайды, көршілестік пен тілдердің арасындағы туыстық байланысты негізге алудың маңызы зор. Олай етпеген жағдайда ғылым тілінің қолданыс аясының кеңейіп, ғылыми-техникалық терминологияның ұлт тілі негізінде қалыптасуына толық мүмкіндік туындайды деп айту қиын. Керісінше, түркі

халықтары тілдерінің ғылым тілі мен терминологиясы дамыған қуатты мемлекеттер тілдеріне тәуелділіктен, олардың ықпалынан арыла алмасы анық.

Үстем тілдерден сөз алмасу процесін болдырмау мақсатымен және ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастырып, оның қолданыс аясын кеңейту үшін туыстас тілдер аймағында қолданылатын ортақ 13 терминологиялық қор құру ісін түркі тілдес халықтардың да қолға алатын кезі жетті.

Тарих тағылымынан сабақ алған тәуелсіздік жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамасымен Қазақстан тамырлас елдердің ортақ рухани құндылықтарын топтастыруға және жас ұрпақтың тарихи санасын жаңғыртуға қатысты мақсатты шараларды атқарып келеді. Түркі мәдениеті мен тарихи мұрасын бірлесіп дамытып зерделеуді көздейтін халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымына сонау 1992 жылдан Қазақстанның белсенді қатысуы – осының дәлелі.

Ортақ терминдер қорын қалыптастырудың мынадай тиімді тұстары бар. Біріншіден, туыс түркі тілдерінен алынған терминдер тіліміздің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім тұрады. Олар тілге жатсынбай қабылданып, оңай сіңіп кете алады. Екіншіден, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, ондай терминдер айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды. Үшіншіден, түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады. Төртіншіден, ұлт тілінде жасалған терминдердің тез тарауына, қолданыс аясының кеңеюіне мүмкіндік молаяды. Мәселен, бір түркі тілінде жасалған термин алдымен туыс түркі тілдерінің ортақ терминологиялық қорына еніп, қолданыс тауып жатса, одан кейін оның өзге тілдерге де таралып, халықаралық сипат алуына жылдамырақ жол ашылады. Мұндай жұмыстың жолға қойылуы терминология мәселелерінің дұрыс шешілуімен бірге туыстас халықтар арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықтың нығая түсуіне де негіз болатыны белгілі. Сол себепті терминологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде үйлестіру мақсатында ТҮРКСОЙ-дың басқосуында немесе түркі тілді мемлекеттердің бірлесіп өткізіп жүрген құрылтайы мен ғылыми жиындарда терминология мәселелерін талқыға салып отырған орынды. Жалпы, тіларалық терминологияны біріздендіру – үздіксіз жүргізуді қажет ететін аса ауқымды жұмыс. Мұндай іспен кәсіби дайындығы жоғары терминтанушы мамандар айналысқанда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады.

2010 жылы мамырда Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түрік Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің қатысуымен Түркі академиясы ашылды. Бұл түркі әлеміндегі үлкен жаңалық, елеулі оқиға болды. Алдағы уақытта осы академия түркі халықтары арасындағы термин алмасу мен терминологияның өзге де туыстас тілдерге қатысты мәселелерін барлық түркітілдес елдермен бірлесіп шешудің ғылыми орталығына айналуы тиіс деп санаймыз [2].

Алаш зиялылары XX ғасыр басында терминология мәселесіне қатысты үндеу жасағанда, мұны анадолылық түркілер де кеңінен қолдағаны анық. Кеңес құрамында қалған түркілерден Түркияның ерекшелігі – Ататүрік бастамасымен терминология саласы бір ізге түсті десе де болады. Кейіннен 70-жылдары ақпараттық шапшаң алмасуларды сезінген Түркия осы салаға арнайы мемлекеттік көзқарасты қалыптастырды. Жалпы, түркітілдес елдердің ортақ термин қорын қалыптастыруға алғаш рет 1999 жылы талпыныс жасалып, 14 Түркия ақпараттық технология қоғамының қолдауымен арнайы жұмыс тобы құрылған болатын. 2001 жылғы қазан айында Стамбұлда Түркітілдес елдер арасында ақпараттық технологиялар ынтымақтастығы мәселелері бойынша алғашқы форум ұйымдастырылды. Кейіннен алқалы жиын Әзірбайжан, Түрікменстан, Қырғызстан мемлекеттерінде түрлі тақырыптармен жалғасын тапты. 2011 жылы 19 қарашада Астана қаласындағы «Түркітілдес елдердің терминқор қалыптастыру тәжірибесі» атты халықаралық конференциясы басқосу кезекті 9-форум ретінде саналады. Ендігі мақсат – түркілік ізге түсу. Яғни кезінде Кеңес Одағының құрамында болған түркітілдес мемлекеттер термин қабылдаудың бір ғана көзі ретінде орыс тілін танып қалған дәстүріне жүгіне бермеуі, одан қашып, түркілік бірлікке ұмтылуы шарт. Бұл турасында Тіл комитетінің төрағасы: «ІТ терминологиясы саласында

бәрімізге де түрік тілінде жасалған, яғни туыстас тілдің тәжірибесіне ерекше ден қоюымыз қажет. Расында, IT технология саласының терминдерін өз тілінде сөйлеткен жалғыз Түркия ғана. Бұл тәжірибе басқа түркілер арасында кеңінен тараса игі», – деген болатын. Сол басқосуда сұхбат берген бірқатар ғалымдардың пікірі төменде көрсетілді.

Шерубай Құрманбайұлы, Тіл комитетінің төрағасы:

– *Лингвист ғалымдардың зерттеулері бойынша, қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің сексен пайыздан астамын неонимдер, яғни жаңадан енген терминдер құрайды екен. Сондықтан да біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып, оны байытамыз. Керісінше, қай тілде көбірек сөз қабылдасақ, сонымен жақындасамыз, сонымен ортақтастығымыз да арта түседі. Ендеше, орыстан қашып, тарихы тамырлас, түбіріміз туыстас түркі тілдерін бір-бірімізге жақындата беруге тиіспіз. Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан тарихи сабақтастық сақталып, термин алмасу арқылы тілдерді бір-бірін жатырқамай жақындастыруға ұмтылуға тиіспіз.*

Незих Күлейін, Түркия Республикасы Ақпараттық технологиялар мәселелері бойынша жұмыс тобының төрағасы:

– *Ақпараттық ғасырда өмірге жаңа келген технологияның шапшаң тарауы мен қолданылуына терминологияны ілестіріп жүрудің маңызы орасан. Мұндағы туыстас тілдердің жұмысына қойылатын талаптар да зор. Оның үстіне, дәуірдің жылдам дамуына орай ғылымның жұрт үшін қауіпті бағыты да баршылық. Өйткені шапшаң дамыған технологиямен бетпе-бет келу барысында терминология саласы үйлесімді, тойтарымды дами алмаса, қандай да болсын жұрттың болмыстан келе жатқан ерекшеліктері жаңашылдыққа жұтылып кетуі ғажап емес. Сондықтан да Түркия терминжасам мәселесінде бай тәжірибесімен бөлісуге ашық.*

Көрай Өзер, Түркия ақпараттық технология басқару кеңесінің мүшесі:

– *1930 жылдары Мұстафа Кемал Ататүрік: «Түрік тілі – бүкіл түркі халықтарының жүрегі, ой-санасы. Өйткені түрік тілі – әлемдегі ең бай тіл. Ал түрік тілінің ресурсын кеңейту үшін барлық түркітілдестердің тілдерін бірдей дамытуға маңыз бөлгеніміз лазым», – деген болатын. Дәл осындай 15 ұстаныммен алға жылжитын болсақ, біз, түркілер, біріге отырып, басқа тілдердегі кірме сөздерді ысырып шығамыз, өз қорымызды да байыта аламыз. Мұны бізге дейінгі түркінің көптеген ғалымы дәлелдеп кетті. Біздің мұрат – бастағанды жалғастыру [4, 2].*

Біріншіден, туыстас тілдерден алынған терминдер тіліміздің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім тұрады.

Екіншіден, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, ондай терминдер айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды.

Үшіншіден, түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады.

Төртіншіден, ұлт тілінде жасалған терминдердің кең тарауына, қолданыс аясының кеңеюіне мүмкіндік молаяды. Мәселен, бір түркі тілінде жасалған термин алдымен туыстас тілдердің ортақ терминологиялық қорына еніп, сонда қолданыс тауып жатса, одан кейін оның өзге тілдерге де еніп, халықаралық сипат алуына кеңірек жол ашылады.

Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында сөз алмасу, ортақ терминологиялық қор құру тәжірибесі бар. Кеңестік дәуірде түркі халықтары өзара ондай байланыс жасау мүмкіндігіне ие бола алмағаны айтылды. Түркітілдес халықтар дербес мемлекеттер болып отырған қазіргі кезеңде де туыстас тілдер арасындағы байланысты нығайту бағытында нақты іс-қимылдар атқарылып жатыр деп айту қиын. Бұл тұрғыдан келгенде Ш.Құрманбайұлы «түркі тілдес халықтардың терминологиялық қорын құру бағытында мемлекетаралық үйлестіру жұмыстарын қолға алудың маңызы зор» деп санайды. Мұндай жұмыстың жолға қойылуы терминология мәселелерінің дұрыс шешілуімен бірге туыстас халықтар арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықтың нығая түсуіне де негіз болатыны белгілі. Сол себепті де ғалым терминологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын

халықаралық деңгейде үйлестіру мақсатында ТҮРКСОЙ-дың басқосуында немесе түркі тілді мемлекеттердің бірлесіп өткізіп жүрген құрылтайы мен жиындарының бірінде төмендегідей ұсыныстарды талқыға салған орынды деп санайтындығын айтады:

1.Түркі халықтарының ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту негізінде туыстас халықтардың ортақ терминологиялық қорын құру мәселесін ақылдасу мақсатында түркі тілдес мемлекеттер ғалымдарының басын қоса отырып халықаралық ғылыми конференция өткізу.

2.Түркітілдес мемлекеттердің ғалымдарынан тұратын, өзара терминалмасу мәселесін шешумен айналысатын, терминологиялық жұмыстарды халықаралық деңгейде үйлестіріп отыратын ғылыми-үйлестіру орталығын құру.

3.Түркітілдес халықтардың терминологиялық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

4.Өзара терминалмасу тәжірибесін жетілдіру мақсатында екі тілді (қазақша – түрікше, түрікше – қазақша) және көптілді (қазақ – түрік – өзбек – татар – әзербайжан – қырғыз – түркімен – ноғай – башқұрт т.б.) терминологиялық сөздіктер шығару мәселесін қолға алу.

5.Әлемдегі терминология саласында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу, өзара терминалмасу процесін жақсарту мақсатында жылына төрт рет шығатын халықаралық ғылыми журнал немесе түркі терминологиясы мәселелеріне арналған арнайы басылым шығару [5, 154].

Бұл іс күллі түркі ұлыстары бір кісідей қолға алып, жан-жақты ұйымдастыру жұмыстарын қолға алғанда барып қана жүзеге асатын болады. Оған түркі халықтарының ұлттық-сана сезімдері мен оны атқаруға қажетті қуат-қарымы толық жетеді. Қазақ және түрік тілдері арасындағы өзара ынтымақтастық, бауырмалдықтың көрінісі болашақта жасалатын жұмыстардан көрінбек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасырдағы қазақ терминологиясы; 1910-1930 жылдары): монография. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚК, 2008. – 240 б.
2. Мыңбай Д. Тіл – бірлік пен үйлесімнің негізі. anatili.kazgazeta.kz сайтынан
3. Құрманбайұлы Ш. Туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор қажет//«Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2001. – 30 б.
- 5 Қазы Қ. Түркіге ортақ термин жасауға ұмтылуымыз керек//«Алаш айнасы» газеті, 19 қараша 2011 жыл. №206 (658) 1-2 б.
- 6 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапсырма бет.

ӘОЖ 81' 354

#### **КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯСЫ**

**Асенова Айгүл Халдарқызы,**

**Оқасова Еркежан Ерғалиқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева ф.ғ.к., доцент

Қазіргі кезде мерзімді басылымдар саны күннен-күнге артып келеді. Бірақ олардың саны қаншалықты көп болса да, ішіндегі материалдарында олқылықтар кездесіп жатады. Солардың ішінде біріккен сөздердің жазылуының әр түрлі нұсқалары ұшырайды.